

**«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті» КеАҚ
6D110400 – «Фармация» мамандығы
докторанты Меруерт Ералиевна Амантаеваның философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін «Қаратау көкбасының (*Eryngium karatavicum* Пjin)
фармакогнозиялық зерттеуі және оның негізінде фитосубстанция алу»
тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысына
ғылыми кеңесші, фарм.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Калданай Каржауовна Кожанованың**

ШІКІРІ

Меруерт Амантаеваның диссертациялық жұмысының тақырыбы қазіргі уақытта өзекті мәселелердің бірі Ұлттық дәрі-дәрмек саясатын іске асыру, халықты сапалы, қауіпсіз және эффективті дәрілік препараттармен қамтамасыз ету, жаңа дәрілік заттарды іздеу, Отандық фитосубстанцияны фармацевтикалық өңдеуге, оның ішінде ультрадыбыстық экстракттар негізінде алынған комплексті фитопрепараттардың үлесін арттыруға негізделген. Аталған мәселеге Қазақстандағы дәрілік өсімдіктердің бай қоры негіз бола алады. Ғылыми жұмыстың зерттеу нысаны ретінде алынған Қаратау көкбасының (*Eryngium karatavicum* Пjin) өсімдік шикізатына толыққанды зерттеулер жасалмағандығы анықталды.

Меруерт Амантаеваның диссертациялық жұмысының экспериментальды бөлігі «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті» мен «Әль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті» базаларында орындалды.

Диссертация нәтижелерінің, қорытындылары мен тұжырымдарының сенімділігі мен негізділігі заманауи спектрлік және хроматографиялық зерттеу әдістерін (критикаға дейінгі және кейінгі нүктедегі көмірқышқылды экстракция, газ хроматографиясы, газ-хромато-масс-спектрометрия), фармакопепиялық аналитикалық әдістер мен биологиялық қауіпсіздігін бағалау әдістерін қолдана отырып жүргізілген эксперименттік зерттеулердің дәлелдемелік базасымен расталады.

Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасының фармацевтика және медицина өнеркәсібін дамыту жөніндегі 2020-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарда қарастырылған Қазақстан Республикасы аумағында өсетін өсімдіктерді пайдалана отырып, зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бағытына сәйкес келеді (Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылға 6 қазандағы №132 өкімі).

Диссертациялық жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес қосады. Оның медицина мен фармациядағы ғылыми-практикалық маңызы диссертациялық жұмыста жақсы анықталған және экспериментальды зерттеу нәтижелерімен негізделген.

Зерттеліп отырған *Eryngium karatavicum* Пјін өсімдігіне макроскопиялық, микроскопиялық және гистохимиялық зерттеулер жүргізіліп, морфологиялық және анатомия диагностикалық белгілері анықталып, *Eryngium planum* L. және *Eryngium babadagensis* түрлерімен салыстырылды.

Әртүрлі органикалық еріткіштерде (дихлорметан, петролей эфирі, этилацетат, бутанол) қаратау көкбасы сығындысын еріту арқылы шикізаттың химиялық құрамы заманауи газды хроматография масс-спектрометрия әдісі арқылы анықталды. Нәтижесінде полиацетиленді қосылыс болып табылатын фалькаринол барлық бөліктерде жоғары нәтиже көрсетті (дихлорметанда 25,83%, петролей эфирінде – 38,98%, этилацетатта – 55,40%, бутанолды бөлікте – 23,19%). Экстракты алудың тиімді жолдары қарастырылып, ультрадыбыстық әсермен бөлшекті мацерация әдісі таңдалып алынды.

Фармакопоялық талаптарда көрсетілген өсімдік шикізатының қауіпсіздігі, фармакогнозиялық көрсеткіштері, одан бөлек тұрақтылыққа зерттеулер жүргізіліп, нәтижелері негізделген.

Амантаева М.Е. диссертациялық жұмысының ғылымға айтарлықтай үлес қосқанын алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі бойынша оқу процесіне және табиғи парк мекемесіне енгізуімен расталады:

- *Eryngium karatavicum* Пјін өсімдік шикізатын жинау, кептіру, дайындау технологиясын Түркістан облысында орналасқан «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» мекемесіне енгізу актісі ұсынылған.

- *Eryngium karatavicum* Пјін өсімдік шикізатының фармакогнозиялық зерттеу нәтижелері «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ Фармация мектебінің оқу процесіне 6В10103 «Фармация» және 6В07201 «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» білім беру бағдарламаларының студенттеріне арналған «Фармакогнозия» пәні бойынша «Құрамында фенолды қосылыстары бар өсімдіктерді фармакогнозиялық зерттеу» бөліміне енгізілді.

Eryngium karatavicum Пјін өсімдігінің жер үсті бөлігінен перколяция әдісімен экстракт алудың технологиялық үрдісі бойынша «С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті», фармацевтикалық технология кафедрасына енгізу актісі ұсынылған.

Жүргізілген зерттеулердің қорытындысы бойынша Қаратау көкбасы өсімдігінің жер үсті бөлігіне, қою экстрактына сапа спецификациялары құрастырылған. Фармакологиялық белсенділігіне зерттеулер жүргізіліп, бактерияға, зенге қарсы белсенділігі, антиоксиданттық және цитоуыттылық әсерлері анықталды.

Алынған экстрактының қауіпсіздігі зерттеліп Қаратау көкбасы экстрактының уытылығы төмен, яғни V топқа жататындығы анықталды.

Зерттеу нәтижелері бойынша ғылыми жұмыс, оның ішінде: Scopus және Web of Science Core Collection дерекқорына кіретін халықаралық ғылыми журналда 1 мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары Білім министрлігі, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған

министрлігі, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда 3 мақала, Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардағы тезистер мен мақалалар (Тәжікстан, Қазақстан) – 3; халықаралық журналда – 1, пайдалы модельге патенттер – 1.

Меруерт Амантаева ғылыми және қоғамдық жұмыстарға белсене қатысты және өзінің зерттеу жұмыстарында фармацевтикалық ғылымның жетістіктерін қолдана білді, теориялық және практикалық білімі жоғары, фармацевтикалық технология мен заманауи сапалық талдау әдістері бойынша біліктілігін көрсетті.

Өзінің еңбекқорлығымен, критикалық ойлау қабілетімен, зерттеу жұмыстарына шығармашылықпен қарайтындығы диссертанттың ерекшелігін көрсетті.

Меруерт Амантаеваның философия докторы (PhD) дәрежесіне ұсынылған «Қаратау көкбасының (*Eryngium karatavicum* Пјin) фармакогнозиялық зерттеуі және оның негізінде фитосубстанция алу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы білікті, аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың қойылған мақсаттары, міндеттері, өзектілігі, ғылыми жаңалығы, практикалық маңыздылығы және нәтижелері 6D110400-«Фармация» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияға қойылатын талаптарға толық жауап береді, авторы Меруерт Ералиевна Амантаева философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

Ғылыми кеңесші
фарм.ғ.к., Фармация мектебінің
инженерлік пәндер және тиісті практикалар
кафедрасының меңгерушісі

қолы Кожанова К.К. куәландыратын

«23» мамыр 2024 ж.

